ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ АТЫНАН
Ш Е Ш І М

2024 жылғы 9 қыркүйек Іс №1513-24-00-2/2157 Ақтөбе қаласы

Ақтөбе облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты құрамында:
төрағалық етуші судья Б.А.Казтуганова,
сот отырысының хатшысы Б.С.Кожагулова отырып,
сот ғимаратында «Whatsapp» мобильдік қосымшасы арқылы ашық сот отырысында қойылған талап бойынша электрондық азаматтық істі қарады:

ТАЛАП ҚОЮШЫ:
«Жаңақорған ауданы әкімінің аппараты» коммуналдық мемлекеттік мекемесі

ЖАУАПКЕР:
Дара кәсіпкер Әли Руслануұлы Қуаныш («АЛИ»)

ТАЛАП ҚОЮШЫНЫҢ ТАЛАПТАРЫ:
1.мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану
2. тұрақсыздық айыбын өндіру
3.шартты бұзу

СОТҚА ҚАТЫСҚАН:
прокурор А.Муханова
талап қоюшының өкілі Ж.Мынбаева
жауапкер дара кәсіпкер Ә.Р.Қуаныш

СИПАТТАУ БӨЛІГІ:

«Бағалы ұсыныстарға сұраным тәсілімен мемлекеттік сатып алу қорытындылары негізінде талап қоюшы (тапсырыс беруші) және жауапкер (өнім беруші) арасында 2024 жылдың 10 маусымында №75 мемлекеттік сатып алу туралы шарт жасақталған.

Шарт бойынша жауапкер жалпы сомасы 194 000 теңгеге «Жаңақорған ауданының құрметті азаматы» знактарды орындау 15 (он бес) күнтізбелік күн ішінде орындауға міндеттенген.

Құжатқа қол қойылған: Казтуганова Б. А., 13.09.2024
Заңды күшіне енген күні: 15.10.2024, судья Казтуганова Б. А., 16.10.2024
1513-24-3-1/2409

Сәйкесінше, жауапкермен міндеттемені орындау мерізімі қоса есептегенде 2024 жылдың 25 маусымына дейін болып табылады.

Шарттың орындалуын қамтамасыз ету сомасы 2024 жылдың 19 маусымында төленген.

Талап қоюшы сотқа талап қоюмен жүгініп, онда мемлекеттік сатып алу туралы шарт бойынша міндеттемелерін орындамағаны үшін жауапкерді мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану, 3104 теңге тұрақсыздық айыбын өндіруді және шартты бұзуды сұраған.

Сот отырысында талап қоюшы талапты куаттап, қанағаттандыруын сұрады.

Жауапкер талап қоюмен келісетінін айтты. Шарттық міндеттерін қымбаттауына байланысты орындау мүмкін еместігін ескеруді сұрады.

Прокурор талап қоюды ішінара қанағаттандыру туралы қорытынды берді.

<u>УӘЖДЕУ БӨЛІГІ:</u>

№1 талап бойынша

Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексінің (әрі қарай – АК) 272-бабына сәйкес міндеттеме - міндеттеме шарттары мен заң талаптарына сәйкес тиісінше орындалуға тиіс.

Қазақстан Республикасының Азаматтық процестік кодексінің 72-бабына сәйкес (әрі қарай–АПК), әр тарап өзінің талаптарының және қарсылықтарының негізі ретінде сілтеме жасайтын мән-жайларды дәлелдеуі тиіс.

«Мемлекеттік сатып алу туралы» Қазақстан Республикасының Заңының (бұдан әрі – Заң) 12-бабының 4-тармағына сәйкес, мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушылардың тізілімі: өздерімен жасалған мемлекеттік сатып алу туралы шарттар бойынша өз міндеттемелерін орындамаған не тиісінше орындамаған өнім берушілердің тізбесін білдіреді. Тапсырыс беруші өзіне өнім берушінің Қазақстан Республикасының мемлекеттік сатып алу туралы заңнамасын бұзу фактісі туралы белгілі болған күннен бастап күнтізбелік отыз күннен кешіктірмей, осындай әлеуетті өнім берушіні немесе өнім берушіні мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану туралы талап арызбен сотқа жүгінуге міндетті.

Сотта анықталғандай, жауапкер өзіне мемлекеттік сатып алу туралы келісім шарт бойынша жүктелген міндеттемені орындамаған, бұл жағдайда талап қоюшы үшін жағымсыз салдары туындаған.

2024 жылдың 19 тамыздан бастап тараптар арасындағы міндеттемелер шарттың бұзылуына байланысты тоқтатылды.

Шарттың 4.1 тармағына сәйкес орындаушы шарт бойынша өзіне алған міндеттемелердің толық және тиесілі орындалуын қамтамасыз етуге.

Талап қою талабына қарау кезінде сот өнім берушіге қабылданған міндеттемелерді тиісінше орындау міндеті жүктелген шартың ережелерін ескереді.

Құжатқа қол қойылған: Казтуганова Б. А., 13.09.2024
Заңды күшіне енген күні: 15.10.2024, судья Казтуганова Б. А., 16.10.2024
1513-24-3-1/2409

АК-нің 359-бабына сәйкес жауапкер шарттық міндеттемені тиісті дәрежеде орындау үшін өзіне байланысты шаралардың барлығын қолданғандығы туралы сотқа қандай да бір дәлел ұсынған жоқ.

Заңның 38-бабының 4 тармағына сәйкес әлеуетті өнім берушінің баға ұсынысын беруі оның мемлекеттік сатып алу туралы шарт жобасында көзделген талаптарды сақтай отырып, тауарды беруді, жұмыстарды орындауды, қызметтер көрсетуді жүзеге асыруға келісім білдіру нысаны болып табылады.

Бұл мемлекеттік сатып алулар баға ұсыныстарын сұрау тәсілімен өткізілді.

Демек, өнім беруші мемлекеттік сатып алуға қатыса отырып, жасалатын шарттың талаптары туралы білді және оны техникалық ерекшелік талаптарына сәйкес белгілінген мерзімде орындауға міндетті болды.

Заңның 43 бабының 23 тармағына сәйкес тапсырыс беруші мен өнім беруші көрсетілген жасалған шарт бойынша қабылданған міндеттемелерді толық орындаған жағдайда мемлекеттік сатып алу туралы шарт орындалды деп есептеледі.

Жоғарыда көрсетілген мән-жайлар негізінде, жауапкердің мемлекеттік сатып алу туралы шарт бойынша өз міндеттемесін толық орындамағандығын ескере отырып, сот талап қоюшының жауапкерді мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану туралы талабы қанағаттандыруға жатады деп тұжырымдайды.

№2 талап бойынша

АК-нің 293-бабына сәйкес борышқор міндеттемесін орындамаған немесе тиісінше орындамаған ретте, атап айтқанда, орындау мерзімін өткізіп алған ретте несие берушіге төлеуге міндетті, заңдармен немесе шартпен белгіленген ақша сомасы айып төлеу (айыппұл, өсім) деп танылады. Айып төлеу туралы талап бойынша несие беруші оған келтірілген залалдарды дәлелдеуге міндетті емес.

Шарттың 8.3 тармағына сәйкес, жұмыстарды орындау мерзімін өткізіп алған жағдайда, Тапсырыс беруші Өнім берушіден ол міндеттемелерін толық орындамаған жағдайда мерзімі өткен әрбір күн үшін шарттың жалпы сомасының 0,1 % мөлшерінде тұрақсыздық айыбын (айыппұл, өсімпұл) ұстайды (өндіріп алады) не міндеттемелерін тиісінше орындамаған (ішінара орындамаған) жағдайда мерзімі өткен әрбір күн үшін орындалмаған міндеттемелер сомасының 0,1 % мөлшерінде тұрақсыздық айыбын (айыппұл, өсімпұл) ұстайды (өндіріп алады). Бұл ретте тұрақсыздық айыбының (өсімпұл) жалпы сомасы Шарттың жалпы сомасының 10 %-ынан аспауға тиіс.

АПК-нің 225-бабының 2 бөлігіне сәйкес сот істі талап қоюшы мәлімдеген талаптар шегінде шешеді.

Талап қоюшы ұсынған 2024 жылғы 26 маусымнан бастап 11 шілде қоса есептегенде 3104 теңге көлеміндегі (194 000 теңге х 0,1% х 16 күн) тұрақсыздық айыбының мөлшерін сот дұрыс деп санайды.

Сот өндірісі
Құжатқа қол қойылған: Казтуганова Б. А., 13.09.2024
Заңды күшіне енген күні: 15.10.2024, судья Казтуганова Б. А., 16.10.2024
1513-24-3-1/2409

Бұл ретте, талап қоюшының жауапкерден тұрақсыздық айыбын өндіру туралы талабы қанағаттандыруға жатады.

АПК-нің 117-бабына сәйкес іс бойынша іс жүргізуге байланысты шығындар жауапкерден өндіріледі (*1846 теңге +3% тұрақсыздық*).

№3 талап бойынша

АК 401-бабының 2-тармағына сәйкес, тараптардың біреуінің талабы бойынша шарт:

1) екінші тарап шартты едәуір бұзған кезде;

2) осы Кодексте, басқа да заң құжаттарында немесе шартта көзделген өзге реттерде тек сот шешімімен өзгертілуі немесе бұзылуы мүмкін.

АК 402-бабына сай, шартты өзгертуге немесе бұзуға ұсыныстан екінші тараптың бас тартуы алынғаннан кейін, не ұсыныста көрсетілген немесе заңдарда не шартта белгіленген мерзімде, ал ондай мерзім болмаған кезде отыз күн мерзімде жауап алынбағаннан кейін ғана тарап шартты өзгерту немесе бұзу туралы талапты сотқа мәлімдей алады.

Қазіргі уақытта тараптар арасындағы міндеттемелер шарттың аяқталуына байланысты тоқтатылды, шарт 2024 жылғы 19 тамызында талап қоюшымен біржақты бұзылған.

Бұл ретте, сот талап қоюшының шартты бұзу туралы талабы қанағаттандырудан бас тартуға жатады деп санайды.

<u>ҚАРАР БӨЛІГІ:</u>

Сот АПК-нің 223-226-баптарын басшылыққа ала отырып,

ШЕШІМ ЕТТІ:

«Жаңақорған ауданы әкімінің аппараты» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің талап қою ішінара қанағаттандырылсын.

Дара кәсіпкер Әли Русланұлы Қуаныш («АЛИ») мелекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп танылсын.

Дара кәсіпкер Әли Русланұлы Қуаныш («АЛИ») мелекет пайдасына 3 104 (үш мың жүз төрт) теңге тұрақсыздық айыбы өндірілсін.

Дара кәсіпкер Әли Русланұлы Қуаныш («АЛИ») жергілікті бюджет пайдасына 1 939 (бір мың тоғыз жүз отыз тоғыз) теңге мемлекеттік баж сомасы өндірілсін.

Талап қоюның қалған бөлігі қанағаттандырудан бас тартылсын.

Сот шешіміне наразы жақтар шешім түпкілікті нысанда шығарылған күннен бастап, ал сот талқылауына қатыспаған тұлғалар өздеріне шешімнің көшірмелері жіберілген күннен бастап бір ай ішінде Ақтөбе облыстық сотының азаматтық істер жөніндегі сот алқасына Қазақстан Республикасының Азаматтық процестік кодексінің 403, 404-баптарына сәйкес Ақтөбе облысының

Құжатқа қол қойылған: Казтуганова Б. А., 13.09.2024
Заңды күшіне енген күні: 15.10.2024, судья Казтуганова Б. А., 16.10.2024
1513-24-3-1/2409

мамандандырылған ауданаралық экономикалық сот арқылы апелляциялық шағым берілуі, прокурор апелляциялық өтінішхат келтіруі мүмкін.

Судья Б.А.Казтуганова

Құжатқа қол қойылған: Казтуганова Б. А., 13.09.2024

Заңды күшіне енген күні: 15.10.2024, судья Казтуганова Б. А., 16.10.2024

1513-24-3-1/2409